

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 22 тамыздағы N 234-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі тізбеге сәйкес тиісті нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын және Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 22 тамыздағы
N 234-ө өкімімен

бекітілген

"Қазақстан Республикасындағы кредиттік бюролар және кредиттік тарихты қалыптастыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

р/с N	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	Орындауға жауапты мемлекеттік орган	Орындау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Кредиттік бюролардың ақпаратты және мәліметтерді беру тәртібін, мерзімін және	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығымен қаржы ұйымдарын реттеу және	

	көлемін бекіту туралы	агенттігі Басқармасының қаулысы	қадағалау агенттігі (келісім бойынша)	2007 жылғы тамыз
2	"Кредиттік тарихты қалыптастыру және оларды пайдалану жүйесі қатысушыларының қызметіндегі ақпараттық процесті ұйымдастыру, кредиттік тарихтың деректер базасының қорғалуына және сақталуына, олардың ақпараттық ресурстарына, ақпараттық жүйелеріне, үй-жайларына, электронды жабдықтарына қойылатын ең төменгі талаптар туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы N 303 қаулысына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Басқармасының қаулысы	Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасы Ақпараттан-дыру және байланыс агенттігі	2007 жылғы тамыз